«БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ»ҚАЗЫНАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ДОМКУЛЬТУРЫ" ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА»

11.08.2026 жыл

Бұйрық №85/3

Тікелей шарт жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6 бабының 1,2,3,5 тармақтарын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы»ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік Ту тұғырының қауіпсіз салдарын жою және пайдалануға қайта келтіру мақсатында қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.
2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, жауаптылықты өзіме жүктеймін.
4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Аудандық мәдениет үйінің директоры: **Ж.Ж.Ермекбай**

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 09.07.2026
Сақтау күні 14.07.2026
Дата редакции 09.07.2026
Дата скачивания 14.07.2026

Байганин ауданының әкімі

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2026 жылғы 9 шілдедегі № 3 шешімі

Аким Байганинского района

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» бұйрығына сәйкес және 2026 жылғы 9 шілдедегі Байғанин аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс шұғыл отырысының № 4 хаттамасы негізінде, Байғанин ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қауіпті метеорологиялық құбылыстың (қатты жел) салдарынан тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының бүлінуіне және халықтың өміріне қауіп төнуіне байланысты Ақтөбе облысы Байғанин ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Байғанин ауданы әкімінің орынбасары Раушанов Рүстем Аманжолұлы тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 9 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Байғанин ауданының әкімі **А. Купенов**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

«БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ» ҚАЗЫНАЛЫҚ МЕЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ
БҰЙРЫҚ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ДОМКУЛЬТУРЫ" ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА»
ПРИКАЗ

Қарауылкелді ауылы
10.07.2026 жыл

село Карауылкелды

БҰЙРЫҚ № 68/1

Ту тұғыры мен сыртқы LED экранның техникалық жай-күйін анықтау жөнінде комиссиялар құру туралы

2026 жылғы 09 шілдеде Қарауылкелді ауылында болған қатты жел, дауыл және нөсер жауын салдарынан Байғанин аудандық мәдениет үйінің балансындағы Тәуелсіздік саябағында орналасқан Ту тұғыры майысып, пайдалануға жарамсыз күйге келуіне, сондай-ақ аудандық мәдениет үйі ғимаратының сыртқы қасбетінде орналасқан сыртқы LED экранның техникалық жай-күйін анықтау қажеттілігіне байланысты,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Байғанин аудандық мәдениет үйінің балансындағы Тәуелсіздік саябағында орналасқан Ту тұғырының техникалық жай-күйін анықтау және тиісті акт жасау үшін комиссия құрылсын.

Комиссия құрамы:
Комиссия төрағасы:

- М.Нұрмағанбетов - директордың м.у.а

Комиссия мүшелері:

- Бас есепші – Д.Дәулеткерейұлы;
- Экономист – Ж.Бауыржанқызы;
- Заң консультанты – Ә.М.Тасина;
- Күзетші – Ж.Арғынбай.

2. Комиссия Ту тұғырына қарап-тексеру жүргізіп, оның техникалық жай-күйі туралы акт жасап, қорытындысын директорға ұсынсын.
3. Аудандық мәдениет үйі ғимаратының сыртқы қасбетінде орналасқан көлемі 3×2 метр сыртқы LED экранның техникалық жай-күйін анықтау және тиісті акт жасау үшін комиссия құрылсын.

Комиссия құрамы:
Комиссия төрағасы:

- М.Нұрмағанбетов - директордың м.у.а

Комиссия мүшелері:

- А.Қошанов – техник-электрик
- А.Амандықұлы – инженер-бағдарламашы;
- Д.Дәулеткерейұлы – бас есепші.

4. Комиссия сыртқы LED экранға қарап-тексеру жүргізіп, техникалық жай-күйі туралы акт жасап, қорытындысын директорға ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өз бақылауымда қалдырамын.

Байғанин аудандық мәдениет үйі директорының м.у.а: **М.Нұрмағанбетов**

Байғанин ауданды қ
мәдениет үйі директорын
ның м.у.а М.Нұрмағанбетовке
сәябақ кузетшісі
Ж. Арғынбайдан.

Хабарлама

Мен, кузетші Ж.Арғынбай, 2026 жылғы 09 шілде
күні белгіленген кестеге сәйкес ауысымдық
кезекшілікте болдым.

Кезекшілік барысында қарауылкелді
ауылында қатты жел, дауыл және нөсер жауын болды.
Ауа райының қолайсыздығы салдарынан аудандық
мәдениет үйінің балансындағы Тәуелсіздік сәябағы
аумағында орналасқан Ту тұғырының темірі майысып,
пайдалануға жарамсыз күйге тускенін хабарлаймын.

09.07.2026 ж

кузетші

АКТ №1

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің ХХ жылдығына арналған саябағы Ту тұғырының техникалық жай-күйін тексеру туралы

Қарауылкелді ауылы
«10» шілде 2026 жыл

Біз, төменде қол қоюшылар, комиссия мүшелері, Байғанин аудандық мәдениет үйінің балансындағы Тәуелсіздік саябағында орналасқан Ту тұғырына тексеру жүргіздік.

Анықталды:

2026 жылғы 09 шілде шамамен сағат 18:50 - 19:15 аралығында Қарауылкелді ауылында болған қатты жел, дауыл және нөсер жауын табиғи апат салдарынан Ту тұғыры майысқан.

Тексеру барысында Ту тұғырының конструкциясы деформацияланғаны, қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкес келмейтіні және одан әрі пайдалануға жарамсыз екені анықталды.

Комиссияның қорытындысы:

1. Ту тұғыры пайдалануға жарамсыз деп танылсын.
2. Жарамсыз болған ту тұғырын белгіленген тәртіппен есептен шығару мәселесі қарастырылсын.
3. Орнына жаңа Ту тұғырын дайындау (сатып алу, орнату) үшін тиісті сметалық есептер әзірленіп, қаржыландыру мәселесі шешілсін.

Қоса тіркеледі:

- фотосуреттер;
- күзетшінің хабарлама хаты;
- қажет болған жағдайда қолайсыз ауа райын растайтын ақпарат.

Комиссия төрағасы: _____ М.Нұрмағанбетов

Комиссия мүшелері: _____ Д.Дәулеткерейұлы

_____ Ж.Бауыржанқызы

_____ Ә.Тасина

_____ Ж.Арғынбай